



Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

№14 (10 217)

12 сәуір

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

"ТАЗА ҚАЗАҚСТАН" ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ



6 сәуір күні жалпы республика бойынша «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы бастау алды.

"Таза Қазақстан" - бұл "Жасыл Қазақстан" ұлттық жобасының бір бағыты, оның мақсаты - тұрғындар үшін қолайлы өмір сүру ортасын құру және экологиялық жағдайды жақсарту болып табылады. Науқан бес аптаға созылады.

Бірінші апта (8, 13 сәуір) - "Таза өлке" күні тұрғындар, қоғам белсенділері, ұйымдар,

кәсіпорындар өз аумақтарын, аулаларын тазалау жұмыстарын жүргізеді.

Екінші апта (14, 20 сәуір) - "Киелі мекен" күні тарихи-мәдени ескерткіштерді абаттандыру жұмыстарына арналады.

Үшінші апта (21, 27 сәуір) - "Жасыл аймақ" күні. Бұл күні ағаш көшеттерін отырғызу, айналаны өктеу жұмыстары жүргізіледі.

Төртінші апта (28 сәуір - 4 мамыр) - "Өнегелі ұрпақ" күні ардагерлердің ауласын тазалау, қарттардың үйлерінде абаттан-

дыру жұмыстарына үлес қосу - акцияның негізгі мақсаттарының бірі.

Бесінші апта (5 - 11 мамыр) - "Мөлдір бұлақ" күні өзен-көлдер маңың қоқыстан тазалау жұмыстары ұйымдастырылады.

Бірінші апталық бойынша, ауданда "Таза Қазақстан" желілік кестеге сәйкес Матай және Жансүгіров ауылдық округтерінде "Таза өлке" апталығы аясында «Менің аулам» атты сенбілік өткізілді.

Сенбілік барысында мекемелер мен жеке тұрғын үйлердің аулалары тазаланып, жалпы 13 тонна тұрмыстық қалдықтар арнайы орындарға шығарылды. Сенбілікке 256 адам қатысып, 4 техника жұмылдырылды.

Осыған орай, ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ баршаңызды айтулы Республикалық экологиялық акциясына белсене қатысуға шақырамыз.

Берік БАЙБОЛОВ,
аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

КУШІМІЗ БІРЛІКТЕ

СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН Өңірлерге Гуманитарлық көмек жіберу Көмек ретінде берілетін заттар:

- КИІМ-КЕШЕК
- АЗЫҚ-ТҮЛІК
- ГИГИЕНАЛЫҚ ЗАТТАР

Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі 5Б, "АМАНАТ" партиясы Ақсу аудандық филиалы

+7 707 182 26 02
ЖАКУПОВ СЕРІКҚАН

Құрметті аудан тұрғындары, еліміздегі табиғи апат аймағындағы тұрғындарға көмек қолын созамын деген еріктілер мен өңір тұрғындары үшін Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5 "Б" "АМАНАТ" партиясы Ақсу аудандық филиалының ғимаратында арнайы пункт ашылды.

Көмек ретінде берілетін заттар:

- жылы киім-кешек;
- азық-түлік;
- гигиеналық, тұрмыстық заттарды қабылдаймыз.

Маңызды: Өрбір зат сұрыпталып, арнайы жәшікке салынуы тиіс. Қолданылған, ескі заттар және тез бұзылатын азық-түлік қабылданбайды.

"АМАНАТ" ПАРТИЯСЫ АҚСУ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ.

ҚАРДЫҢ СУЫ – ҚАРҒЫН СУҒА АЙНАЛДЫ

Биыл қар қалың жауған өңірлерде көктем шығып, күннің тез жылынуына байланысты жылғалардан аққан қардың суы қарғын суға айналды. Елімізде он жеті ғана облыс болса, соның онын «Тілсіз жау» қиындыққа салуда. Табиғи апат, су тасқыны барлық қазақстандықтарды аландатып, бірлікке шақырды.

Бүгін мемлекет басшысы Қ.Тоқаев халыққа Үндеу жолдап, мәселе мәнісіне тоқталды. Апат орын алған аймақтардағы жұртшылыққа толықтай көмек көрсетіліп, материалдық шығындары өтелетіні айтылды. Барлық сумен кеткен мүліктің есебі шығарылып, мемлекет тарапынан барлық жағдайлар жасалынады, - деді.

Сонымен қатар апатпен күреске жұмылған барлық тиісті мекеме қызметкерлері мен волонтерлерге алғысын білдірді. Жұрт болып жұмылсақ қана бұл қиындықты да еңсеретімізді ескертті.

Президент сөз соңында бізге, яғни, бұқаралық ақпарат өкілдеріне, белсенді азаматтар мен блогерларға жұртты дүрбелеңге салатын жалған ақпарат таратпай, елді сабырға шақырып, қазіргі уақытта билік пен қоғамды ұйыстыратын әрекеттер жасау аса маңызды екенін айтып, сенім білдірді.

Ербол СЫМХАНОВ,
«Ақсу өңірі» ЖШС-і аудандық газетінің жауапты хатшысы.

Таза Қазақстан
Экологиялық акция

АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ
2024 ЖЫЛДЫҢ ІІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.




"АҚСУ ӨНІРІ" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

БАСПАСӨЗ - 2024

"ТАЗА ҚАЗАҚСТАН" республикалық акциясы бойынша әр аптаға жоспарланған іс – шаралардың ЖЕЛІЛІК КЕСТЕСІ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ, АҚСУ АУДАНЫ, "ТАЗА АУЫЛ"

Дүйсенбі 8 сәуір	Сейсенбі 9 сәуір	Сәрсенбі 10 сәуір	Бейсенбі 11 сәуір	Жұма 12 сәуір	Сенбі 13 сәуір	Жексенбі 14 сәуір	
«ТАЗА ӨЛКЕ»							
1-ші апта (8-13 сәуір) – «Таза өлке» күндерінде тұрғындар, қоғам белсенділері, ұйымдар мен кәсіпорындар өз аумақтары мен аулаларын тазартады							
Бүкіл аудан тұрғындарына арналған «Менің аулам» акциясы	«Таза көше» акциясы (Бүкіл аудан тұрғындарынан басталады)	Бүкіл аудан тұрғындарына арналған «Менің аулам» акциясы	«Таза көше» акциясы (Бүкіл аудан тұрғындарынан басталады)	Аумақтар мен аулаларды тазалау бойынша сенбілік 38 мектеп 2 колледж және 8 балабақша мектеп оқушыларын, мұғалімдерді, тәрбиешілерді, студенттерді қамтиды. Өтетін орны: Ақсу ауданы Тікелей қамту: 1529 адам	Аудандағы аумақтар мен аулаларды тазалауға арналған сенбілік. Бүкіл аудан тұрғындарына арналған ошақтарының аумақтарын тазарту басталады. Мәдениет қызметкерлері, техникалық қызметкерлер. Өтетін орны: Ақсу ауданы. Тікелей қамту: 265 адам	Аудандағы аумақтарды тазалауға арналған сенбілік. Барлық аудан тұрғындарын қамтиды. Өтетін орны: Ақсу ауданы	
Өтетін орны: Есеболатов, Қарасу, Қаракөз және Молалы ауылдық округтері.	Өтетін орны: Егінсу, Қызылағаш және Көшкентал ауылдық округтері.	Өтетін орны: Жансүгіров, Матай ауылдық округтері. Тікелей қамту: 758 адам	Өтетін орны: Б.Сыртанов, және Ақсу ауылдық округтері. Тікелей қамту: 459 адам,		Өтетін орны: Ақсу ауданы. Тікелей қамту: 102 адам	Тікелей қамту: 25159 адам	
Тікелей қамту: 500 адам	Тікелей қамту: 459 адам,				Аудандағы спорт кешендерінің аумақтарын, спортшылар мен техникалық қызметкерлерді тазалау. Өтетін орны: Ақсу ауданы. Тікелей қамту: 102 адам		
					Аудандағы ауруханалардың аумақтарын тазалауға дәрігерлер мен техникалық қызметкерлер кіріседі. Өтетін орны: Ақсу ауданы. Тікелей қамту: 952 адам.		
«КИЕЛІ МЕКЕН»							
2-апта (14-20 сәуір) – «Киелі мекен» күні тарих және мәдениет ескерткіштерін абаттандыру жұмыстарына арналған.							
Дүйсенбі 15 сәуір	Сейсенбі 16 сәуір	Сәрсенбі 17 сәуір	Бейсенбі 18 сәуір	Жұма 19 сәуір	Сенбі 20 сәуір	Жексенбі 21 сәуір	
«28 панфиловшы Н.Есеболатовқа арналған «Тарихқа тағзым» акциясын өткізу. Өтетін орны: Есеболатов ауылы. Тікелей қамту: 15 адам	«Тарихқа тағзым» акциясын өткізу Жансүгіров атындағы мұражай, Өтетін орны: Ақсу ауылы, Тікелей қамту: 30 адам	«Ауған соғысы құрбандарына арналған ескерткішке арналған «Тарихқа тағзым» іс-шарасын өткізу. Өтетін орны: Матай ауылы, Тікелей қамту: 50 адам	«Тарихқа тағзым» акциясын өткізу «Ақын-Сара» мемориалдық мұражайы Өтетін орны: Қапал ауылы, Тікелей қамту: 40 адам	«Тарихқа тағзым» акциясын өткізу Бөрібай батыр Өтетін орны: Жансүгіров ауылы Тікелей қамту: 30 адам	«8 батырлар аллеясына арналған тарих тағзым» іс-шарасын өткізу Өтетін орны: Жансүгіров ауылы. Тікелей қамту: 30 адам	Аудандағы тарих және мәдениет ескерткіштерін абаттандыру бойынша сенбілік Өтетін орны: Ақсу ауданы Тікелей қамту: 2159 адам	
«ЖАСЫЛ АЙМАҚ»							
3-ші апта (21-27 сәуір) – «Жасыл аймақ» күні. Бұл күні ағаш көшеттері отырғызылып, ағаштар өктеледі.							
Дүйсенбі 15 сәуір	Сейсенбі 23 сәуір	Сәрсенбі 24 сәуір	Бейсенбі 25 сәуір	Жұма 26 сәуір	Сенбі 27 сәуір	Жексенбі 28 сәуір	
Ағаш көшеттерін отырғызу және көшеттерді өктеуге арналған «Жасыл аймақ» акциясын өткізу Өтетін орны: Есеболатов ауылы, Қарасу ауылы Тікелей қамту: 125 адам	Ағаш көшеттерін отырғызу және көшеттерді өктеуге арналған «Жасыл аймақ» акциясын өткізу Өтетін орны: Қызылағаш, Матай ауылдары Тікелей қамту: 236 адам	Ағаш көшеттерін отырғызу және көшеттерді өктеуге арналған «Жасыл аймақ» акциясын өткізу Өтетін орны: Қашкентал, Ойтоған ауылдары. Тікелей қамту: 158 адам	Ағаш көшеттерін отырғызу және көшеттерді өктеуге арналған «Жасыл аймақ» акциясын өткізу Өтетін орны: Молалы, Қаракөз, Суықсай ауылдары. Тікелей қамту: 369 адам	Ағаш көшеттерін отырғызу және көшеттерді өктеуге арналған «Жасыл аймақ» акциясын өткізу Өтетін орны: Арасан, Қапал, Сыртанов ауылдары. Тікелей қамту: 15 адам		Ағаш көшеттерін отырғызу және көшеттерді өктеуге арналған «Жасыл аймақ» акциясын өткізу Өтетін орны: Егінсу, Жаңалық ауылдары. Тікелей қамту: 89 адам	Ағаш көшеттерін отырғызу және көшеттерді өктеуге арналған «Жасыл аймақ» акциясын өткізу Өтетін орны: Ақсу, Жансүгіров ауылдары. Тікелей қамту: 254 адам
							
«ӨНЕГЕЛІ ҰРПАҚ»							
4-ші апта (28 сәуір – 4 мамыр) – «Өнегелі ұрпақ» бұл күні ардагерлердің аулалары мен қарттар үйінің аумақтарын тазалау және көгалдандыру басты мақсаттардың бірі болмақ.							
Дүйсенбі 29 сәуір	Сейсенбі 30 сәуір	Сәрсенбі 1 мамыр	Бейсенбі 2 мамыр	Жұма 3 мамыр	Сенбі 4 мамыр	Жексенбі 5 мамыр	
Ұлы Отан соғысының ардагері Майсеев Г.С. Өткізу жері: Қапал ауылы, Өл-Фараби 33 Тікелей қамту: 26 адам	Ауған соғысы ардагерлерінің үйлерінің аумағын тазалау Өткізу жері: Ақсу ауданы Тікелей қамту: 100 адам	«Орталық саябақ» аумағын тазарту Өткізу жері: Жансүгіров ауылы. Тікелей қамту: 101 адам	«Тазалық өмір айнасы» Қапал ауылының қарт тұрғындарының аулаларында тазалық (Қамтылушылар: ауылдық округтер тұрғындары, Өткізу жері: Қапал ауылы. Тікелей қамту: 369 адам	«Жастар саябағы» аумағында тазалық Өткізу жері: Қызылағаш ауылы Тікелей қамту: 102 адам	«Жастар саябағы» аумағында тазалық Өткізу жері: Қызылағаш ауылы Тікелей қамту: 102 адам	«Тазалық өмір айнасы» акциясы Ақсу ауылының қарт тұрғындарының аулаларында тазалық (Қамтылушылар: ауылдық округтердің тұрғындары, Өткізу жері: Ақсу ауылы. Тікелей қамту: 60 адам	
«МӨЛДІР БҰЛАҚ»							
5-ші апта (5-11 мамыр) – «Мөлдір бұлақ» күнінде айналадағы өзен-көлдердің қоқыстарынан тазарту ұйымдастырылады.							
Дүйсенбі 6 мамыр	Сейсенбі 7 мамыр	Сәрсенбі 8 мамыр	Бейсенбі 9 мамыр	Жұма 10 мамыр	Сенбі 11 мамыр	Жексенбі 12 мамыр	
Ақсу өзенінің арналарын тұрмыстық қалдықтардан тазарту жұмыстары. Тау Самалы ауылының тұрғындары жастарды қамту 50 адам	Басқан өзенінің арналарын тұрмыстық қалдықтардан тазарту жұмыстары. Жаңалық тұрғындары жастарды қамту 45 адам	Буйен өзенінің арналарын тұрмыстық қалдықтардан тазарту. Сағабүйен, Сағакүрес ауылының тұрғындары жастарды қамту 65 адам	Буйен өзенінің арналарын тұрмыстық қалдықтардан тазарту жұмыстары. Сыртанов ауылының тұрғындары жастарды қамту 35 адам	Қызылағаш өзенінің арналарын тұрмыстық қалдықтардан тазарту. Қызылағаш ауылының тұрғындары жастарды қамту 45 адам		Қапал ауылының өзен арналарын тұрмыстық қалдықтардан тазарту. Қапал тұрғындары жастарды қамту 40 адам	Суықсай ауылының өзен арналарын тұрмыстық қалдықтардан тазарту. Ауыл тұрғындары жастарды қамту 38 адам

*ЕСКЕРТПЕ: Ауылдық округ әкімдеріне әр аптаға жоспарланған іс-шаралар мен акцияларды барлық ауылдық округтерде өткізу қажет. Акцияның әрбір аптасы арнайы тақырыптарға арналады. 1 - ші апта (8-13 сәуір) – «Таза өлке» күні тұрғындар, қоғам белсенділері, ұйымдар, кәсіпорындар өз аумақтарын, аулаларын тазалау жұмыстарын жүргізеді. 2 - ші апта (14-20 сәуір) – «Киелі мекен» күні тарихи-мәдени ескерткіштерді абаттандыру жұмыстарына арналады. 3 - ші апта (21-27 сәуір) – «Жасыл аймақ» күні. Бұл күні ағаш көшеттерін отырғызу, айналаны өктеу жұмыстары жүргізіледі.

4 - ші апта (28 сәуір - 4 мамыр) – «Өнегелі ұрпақ» күні ардагерлердің ауласын тазалау, қарттар үйлерінде абаттандыру жұмыстарына үлес қосу негізгі мақсаттардың бірі болмақ. 5 - ші апта (5 - 11 мамыр) – «Мөлдір бұлақ» күні өзен-көлдер маңын қоқыстан тазалау ұйымдастырылады. Байболов Берік ТҰРЛЫҒЫ, аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысы.



Аудандық мәслихат сессиясында

Аудан әкімінің кіші мәжіліс залы Сегізінші сайланған Ақсу аудандық мәслихатының кезектен тыс 26-шы сессиясы болды. Сессияға аудан әкімі Б.Тынышбаев, аудандық мәслихат депутаттары мен БАҚ өкілдері қатынасты. Сессияны аудандық мәслихат төрағасы Б.Сүлейменов ашып, жүргізіп отырды. Күн тәртібіндегі мәселелерге көшпей тұрып, аудандық – аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Сәкен Жұмабековқа сөз беріп, 31 наурызда өткен сайлаудың қорытындысымен таныстырып, босап қалған №5 сайлау округі бойынша сайланған мәслихат депутаты Серікхан Жакуповты құттықтап, кеудесіне депутаттық төсбелгісі мен куәлігін тапсырды.

Күн тәртібіндегі 1 мәселе - №26-117 шешім Ақсу аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы «Ақсу ауданының 2024 - 2026 жылдарға арналған бюджеті туралы» №20-89 шешіміне өзгерістер енгізу туралы ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы Г.Жандосова хабарлама жасады.

Келесі кезекте №26-118 шешім аудандық жер комиссиясының құрамын қалыптастыру және Ережесін бекіту туралы ауылшаруашылық және жер қатынастары бөлімінің басшысының орынбасары А.Қасымов хабарлады.

Үшінші, төртінші мәселелер №26-119 шешім Ақсу ауданы әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссиясының өзгертілген құрамын бекіту туралы және № 26-120 шешім Ақсу ауданындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі Ведомствоаралық комиссияның өзгертілген құрамын бекіту туралы аудан әкімінің аппарат басшысы Б.Ермұханбетов хабарлама жасап, аудандық мәслихат депутаттары шешім қабылдады.

Ербол СЫМХАНОВ.



Мемлекеттік қызметкердің әдеп сақтауы – басты құндылық

Этика мәселелері жөніндегі уәкілетті өкіл лауазымын енгізу жөніндегі тапсырмаларын орындау мақсатында Әдеп кодексі қабылданып, Әдеп жөніндегі уәкіл лауазымы енгізілді. Ақсу ауданының аппаратының әкімдігінде заң талаптарына сәйкес әдеп жөніндегі уәкілдің лауазымдық міндеттері аппарат басшысына жүктелді. Әдеп жөніндегі уәкіл - қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ, өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші. Әдеп жөніндегі уәкілдің негізгі функциялары консультациялық көмек көрсету, қызметтік әдеп

нормаларын бұзудың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және моральдық-әдептік нормаларына сәйкес келетін өзара қатынастар мәдениетін қалыптастыру, заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті лауазымды тұлғаларға қызметтік әдеп нормаларын бұзуға жол берген мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін қарау туралы ұсыныммен жүгіну болып табылады.

Жыл басынан аудан әкімі аппараты мен ауылдық округтерде Әдеп кодексінен, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдардан туындайтын талаптар түсіндіріліп, мемлекеттік қызметшілер тарапынан жүктелген қызметтердің сапалы атқарылуы, оның ішінде мемлекеттік қызметшілерге қолданылған тәртіптік шаралар, мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлықтың

алдын алу бойынша оның болуы мүмкін тәуекелдері жөніндегі мәселелер қаралды. Қатысушыларға кеңінен түсіндіріліп, берілген сұрақтарға жауаптар берілді.

Азаматтармен өзара қарым-қатынас тиімді мемлекеттік аппараттың негізгі өлшемдерінің бірі болып табылады. Біз әрқызмет көрсетудің жоғарғы стандарттарына сәйкес болуға, адалдық, ашықтық және әділдік қағидаттарын басшылыққа ала отырып, қызметтерді кәсіби көрсетуге талапнамыз. Әдеп жөніндегі уәкілге мемлекеттік қызметшілер мен азаматтардың хабарласуын, қабылдауға келуін ыңғайластыру мақсатында Әдеп жөніндегі уәкілдің азаматтарды қабылдау кестесі күнделікті сағат 14:30-дан 18:30-ге дейін жүргізіледі.

Б.ЕРМҰХАНБЕТОВ,
Аудан әкімі аппаратының басшысы, әдеп жөніндегі уәкілі.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗДАР!

Шабындық жерлерді, көшені және аула ішін қоқыстан тазалағанда көпшілігі оны жағып жібереді. Сол себептен өрт қауіпсіздік нормалары мен ережелерін бұзып, жақын орналасқан құрылыстар мен үйлерге қауіп туғызады. Сондықтан қоқысты жинап, арнайы жерге шығарып тастауыңыз қажет.

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің «Атмосфераның ауаны сақтау жөніндегі және өндірістік тұрмыстық қалдықтарды жағу және жинау кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамау туралы» 336 бабына сәйкес өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзған тұлғалар әкімшілік жауапқа айыппұл ретінде тартылады.

Азамат ҚАДЫРМОЛДАНОВ,
Ақсу ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.



Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылардың отбасының кедейшілік шегі

Жетісу облысы бойынша 2024 жылдың II тоқсанына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек отбасының кедейлік шегі 33 859 теңге мөлшерінде есептеу, бұл 48 370 теңге ең төменгі күнкөріс деңгейінің барлық мүшелеріне жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің (70%) құрайды.

Ж.ЕРҒАЛИЕВ,
Ақсу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы.

МАМАНДАР ЕСКЕРТЕДІ!

Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік - жануарлардың саулығы, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың тағамдық қауіпсіздігі, аумақтың ветеринариялық-санитариялық салауаттылығы, халықты жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау, сондай-ақ мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігі қамтамасыз етілетін мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің жай-күйі.

Қазіргі кезде ауданда ет өнімдерін дайындау, сақтау, сату мен «Тайыржан» және «Разбекова А» дүкендері халыққа қызмет көрсетуде. Сол сияқты әр сенбі күндері Жансүгіров а/о «Орталық» базар аумағында ауыл шаруашылық жануарлар және жануарлардан алынатын өнімдерді сату ұйымдастырылған.

Осы орайда, қолданыстағы нормативті-құқықтық актілер негізінде, оларға төмендегі ветеринариялық-санитариялық талаптар қарастырылған:

ЕТ ЖӘНЕ ЕТ ӨНІМДЕРІН САТУШЫЛАРҒА

1. Сатуға жататын жануарлар мен жануарлардан алынатын өнімдер эпизоотиялық жағдайы қолайлы аймақтардан дайындалуы қажет.

1.1. Кейіннен өткізуге арналған жағдайда, тек есептік нөмірі бар сою алаңы мен сою пункттерінде сойылуы тиіс.

1.2. Өнім дайындалатын жерде сою алаңы мен сою пункті жоқ болған жағдайда, мал тірідей №1 ветеринариялық анықтамасымен жақын маңдағы сою объектісіне жеткізіліп, сойылады.

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ - САНИТАРИЯЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ САҚТАЙЫҚ!

1.3. Сою кезеңінде, сояра алдында тексеру, сойғаннан кейін қарау процесстерінің барлығында өнім иесі жанында болу қажет.

2. Мал ұшаларын жақын араға тасымалдау кезінде астына таза мата (брезент) салынып, беті таза матамен жабылып, басы, ішкі ағзалары бөлек ыдыспен тасымалдануы тиіс. Мал ұшаларын тасымалдау №2 ветеринариялық анықтамамен жүргізіледі.

2.1. Тексеру нәтижесімен ұшаларға округтің ветеринариялық пункт меңгерушісінің мөрі басылуы тиіс.

2.2. Сәйкестігі, сатуға жарамдылығы ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу арқылы анықталады, Сараптау қортындысы өнім иесінің қолында болуы керек (бұл жұмыс аудандық ветеринариялық зертханада жүргізіледі).

3. Сату орнының тазалығы, шабу құралдарының (балта, шөркелер) ветеринариялық талаптарға сәйкестігі Сіздердің жауапкершіліктеріңізде.

3.1.1. Ветеринариялық-санитариялық қортындысы жоқ орындарда өңделген өнімдерді (фарш), үй жайында дайындалған (айналдырылған қазы, шұжық) сатуға қатаң тыйым салынады.

3.1.2. Қой мен ешкі ұшаларымен ішкі ағзалары, басқа мал ұшаларымен ішкі ағзалары мен басы қоса тасымалдануы тиіс.

4. Сатушыларда арнайы киімдердің болуы қажет (халат, фартук, жеңсек, қолғап), ал қосалқы жұмысшылар халат киіп тұруы керек.

5. Өнімді көрсету құралдары (шанышқы, пышақ) болуы да тиіс.

6. Өнім толық сатылмаған жағдайда

жауапты ветеринариялық-санитариялық инспекторға қалған өнімнің мөлшері жөнінде ескертілуі қажет.

«СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІН САТУШЫЛАРҒА»

1. Сатылымдағы сүт жән сүт өнімдері №2 үлгідегі ветеринариялық анықтамамен және ветеринариялық-санитариялық сараптама актісімен (Акт экспертиза) ветеринариялық зертханада жүргізілгендігі жөніндегі құжаттары болуы тиіс.

2. Сүт және сүт өнімдерін құйылмалы немесе таразылап өткізу кезінде кесуге және таразылауға арналған арнайы жабдық, сондай-ақ, сауда мүкәммалы (төсеніштер, қысқыштар, қалақшалар және т.б.) пайдаланылуы тиіс.

3. Сүт және сүт өнімдерін өткізуді жүзеге асыратын адамдардың арнайы киімдердің болуы қажет (халат, фартук, жеңсек, қолғап).

4. Қолданыстағы ыдыстардың, құрал жабдықтардың (қысқыш, пышақ, қалақша, таразы т.б.) таза болуын және сатылымдағы ыдыстар жуып-шаю арқылы өңделген түрде болуы шарт.

5. Сату орнының (сөрелер) үнемі таза ұстап, дезинфекциялануын қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар сатылымдағы өнімдердің жерге жақын жерде орналаспауы және жерде болмауы тиіс.

БАЛЫҚ ЖӘНЕ БАЛЫҚ ӨНІМДЕРІН САТУШЫЛАРҒА

1. Сатылымдағы балықтардың №2 үлгідегі ветеринариялық анықтамамен және жүк құжаты (накладной) талаптарға

сай, ветеринариялық-санитариялық сараптама актісі (Акт экспертиза) ветеринариялық зертханада жүргізілгені жөніндегі құжаттары болуы тиіс.

2. Сату орнын таза ұстаулары керек, үнемі дезинфекцияланып және сөрелің астына таза салафан салып, балықтар арнайы ыдыстарда (қорап т.б.) жинақталып тұруы керек.

3. Балықтардың суылтылған (мұзда-тылған) түрде, олардың жерден биіктігі 40 см. кем емес сөреде тұруы қажет.

4. Сатушыларда арнайы киімдердің болуы қажет (халат, фартук, жеңсек, қолғап).

5. Жағымсыз иісі бар, желбезектері жұлынған, желбезектері лас шырышпен жабылған, қарны шамадан тыс ісінген, көздері қанталаған, бұзылған балықтар сатылмауы тиіс.

Осы ветеринариялық-санитариялық талаптардың орындалуы сатушылардың міндеттері болып табылады. Заң талаптары бұзылған жағдайда, сатуға жеткізілген өнімдердің иелеріне ҚР АҚБ байланысты, әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Халыққа сапалы өнім тұтыну аудандағы жануарлар және олардан алынатын өнімдерді дайындау, сақтау, өткізумен, мал өсірумен айналысатын тұлғаларға тікелей байланысты болғандықтан, ветеринариялық - санитариялық талаптарды қатаң сақтап, тұрақты орындалуын қамтамасыз етейік.

Бұл өз кезегінде аудан тұрғындарының денсаулығын сақтау және қорғау болып табылады.

Туындаған сұрақтар бойынша мына телефондар арқылы ақпарат алуға болады: 8(72832) 2-00-33; 2-94-43.

Ж.РАХИМОВ,
мемлекеттік ветеринариялық - санитариялық инспекторы.

БҮГІН ГЕОЛОГИЯНЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ, №1 ГЕОЛОГ ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ. Қ.И.СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 125 ЖЫЛ!

I. САТБАЕВ

Қасиетті қара жердің қатпар - қатпар қойнауының қазба байлықтарын талмай іздеп тауып, оған адамгершіліктің алтын сәулесін түсіріп, халқы үшін ізденуден тартынбай, тайсақ тамаған геологияның ұлы ғалымы Сәтбаев әуелі Ө.Марғұлан, М.Әуезов, Ж.Аймауытов төртеуі Семейдегі мұғалімдер даярлайтын семинарияда оқыпты. Мұнан соң барып Усов деген профессор Сәтбаевтың Томскідегі Техналогиялық институтқа шақырады. Бұл жөнінде ол Ахмет Байтұрсынов және Міржақып Дулатовпен ақылдасады. Бұл кісілер қазақта мұғалімдер, дәрігерлер жетеді, енді бізге инженер керек деп ақыл береді. Кейіннен бұл оқуды бітірген соң Міржақып Дулатовтың үйіне сәлем бере барғанда үй-ішімен жиналғандар «біздің қазақтан шыққан тұңғыш жоғары білімді инженер келді» деп мақтаныштарын жасырмапты.

Ұлы ғалымның еңбегі геология болса да әдебиеттану, археология мен тарих, өнертану, математика мен физика ғалымдарында субелі үлес қосқан іздері сайрап жатыр. Ендеше, Сәтбаевтың әдебиетіміздің әсем шыңдарға шығуына, өнеріміздің ғасырлар бойы өміршең болуына қосқан үлесіне тоқтала кетейік.

Сәтбаев домбыра, гитара, мондалин, скрипкада, шебер ойнапты. Сол кезде қазақ әндерін жинап жүрген А.Затаевичке «Бүркітбай» «Гаухартас» «Алтыбасар» сияқты кең тынысты 25 әнді өзі нақышына келтіріп орындап жаздырыпты. Мұнымен қоса «Иллиада» мен «Одиссейді» бес орайтын Қырымның 40 батыры дастанын жырлайтын атақты жыршы Мұрын Сеңгірбекұлы 1942 жылы 82 жаста екен. Бұл кез соғыстың қайнап тұрған шағы болса да Қаныш Сәтбаев пен Нығмет Сауранбаев екеуі ақылдасып, "Мұрын жырауды Алматыға алдырып, стеннограммаға жаздырып алмасақ інжу маржанымыздан айырылып қаламыз. Жасы келген ақсақалымыз ертең алай-пұлай болса дастанды жоғалтамыз", - деп үкімет басшысы Нұртас Оңдасыновқа хат жазыпты. Ол кісі ойланбастан 10 мың сом аудартады. Бұл шамамен қазіргі 100 мың доллардың құны болса керек. Нәтижесінде Мұрын жырау Алматыға келіп бір жаз жатып Қырымның 40 батыры Сәтбаевтың арқасында жазылып, сақталып қалады. Осы сияқты 1928 жылы ғалым «Ер Едіге» дастанын Мәскеуден кітап қылып шығарады. Кейін сол «Ер Едіге» деген кітап үшін Ұлтшыл атанып таяқ та жейді. Өйткені, Едіге Тоқтамыс ханның қолбасшысы. Соңғы рет Москваны басып алған, оны Алтын ордаға алым салық төлеуге мәжбүр еткен осы Едіге батыр. Бұл дастан сондықтан Мәскеуге ұнамаған. Оны түркілеп, көрсетіп жүрген баяғы өзіміздің пысықайлар көрінеді.

Қ.Сәтбаев КСРО Мемлекеттік сыйлығын, Лениндік сыйлықты, 4 рет "Ленин" орденімен, "Ұлы Отан соғысы" орденін алыпты. Ал, 60 жасқа толғанда Мәскеу "Социалистік еңбек ері" атағын беріп тұрған кезде тағы да пысықайлар Ұлтшыл - деп бергізбей қойыпты. Сонда ғалымды Мәскеуге шақырып, орталық комитеттегілер: "Сізге осындай атақ берейік деп едік, жерлестеріңіз арыз жазып бергізбей жатыр", - дейді. Сонда Сәтбаев алдына қойылған жерлестеріне қарамайды да, оқып таныспайды да. Яғни, "Жерлестерім қарсы болса, онда мен әлі жұмыс істеуім керек деп, өлі еңбегім сінбеген ғой", - деп шығып кетіпті. Осы оқиғаны есіне алған орыс академиясы "Мұндай ұлылық Сәтбаев сияқты адамда ғана болады", - деп жазып кетіпті.

(Эссе)



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛТ ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ, ІРІ ҚАҰРАТКЕРІ ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ САН ҚЫРЛАРЫ ТУРАЛЫ

Ұлы ғалым ұлт кадрлеріне ерекше назар аударған көрінеді. Солардың біразы атақты Шахмардан Есенов, Евгений Букетов, Ақжан Жақсыбекұлы, Әл - Машани, Салық Зиманов, Нығмет Сауранбаев, Өмірхан Байқоңыров, Сақтаған Байшев, Шапиқ Шокиндер, Сәтбаев дайындаған ғалымдар болыпты. Сол кезде политехникалық институт Тау - кен металдары институты деп аталыпты. Міне, осы институтқа Қарсақбайда зауыт директоры болып жүрген Өмірхан Байқоңыров деген шәкіртін алдырып, институтқа басшы етіп қойғызады. Ондағы мақсаты оқу орындары қазақ жастарының сандары 20 пайыздан аспай жатыр, соны көбейту керек депті. Сөйтіп Ақжан Мамашев, Евгений Букетов, барлығы жабылып институттағы балалардың санын 50 пайызға жеткізіпті. Ал, Орал, Ақтөбе, Петропавл, Өскеменге барған адамдар ондағы балалардың математика, физика пәндеріне жеттік, бірақ оқуға келетін ақшалары жоқ екенін біліп өздері төлеп алып келіпті. Осынысы үшін институт басшысы Өмірхан Байқоңыров екі рет Пленумға түсіп, бір рет партиялық сөгіс алса да, ұлт алдындағы міндетін орындап кетіпті. Ал, Қаныш Имантайұлы осы оқу орнының геологиялық барлау факультетінде мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы болып, кадрларды өзі таңдапты. Студенттердің аты - жөнін, қайсысы қайда оқып жүргенін біліп, гонарардан түскен ақшасын бала - шағасына бермей, қиналып жүрген студенттерге көмектесіп отырған. Тіпті өзінің сенімді серіктеріне Техникалық оқу орындарын қазақыландырмайынша Алматы қызақандары алмаймыз. Себебі, мед институт пен пед институтты бітірген балалар ауылға кетеді. Ал, техникалық оқуды бітіргендер Алматыдағы барлық қазақ мектебі жабылып жатқанда ғалым қаланы қазақыландыру үшін осылай күрескен екен.

II. СТАЛИН

Қ.Сәтбаев - «кен орны жоқ», «қазба байлық шықпайды», - деген жерден қазба байлық тапқан адам. Ол ашқан кен орындары үлкен қалаларға айналған. Сол кезде өзінің шәкірттерімен жүріп, кейбір пісіп тұрған кен орындарын өндіріске жібермей жаптырып тастайды. Шәкірттері неге дегенде: "Біз қазір бар қазба байлықты игеріп алсақ жетеді, арттағы ұрпағымызды ойлауы-

мыз керек. Мына қазба байлық соларға қалсын. Ертең еліміз жеке ел болады, тәуелсіз болады, эканомиканы қалай көтереді", - деп көрегендік жасаған. Ал, шөл даладан ол кісі Жезқазған қаласын салдырып, сол жерден мыстың миллиондаған қорын тапты. Сөйтіп, Совет Одағы мыс өндіріп, әлемде бірінші орынға шығады. Одан кейін оны екінші дүниежүзілік соғыста мойындат-

ты. Бұл оқиға былай болған. Соғыс басталып немістер талай қаланы басып-жаншып Москваға тықыр таянған. Ол кезде морганец кен орны Украина мен Белорусияда ғана болады. Ол жерлердің барлығын немістер басып алады. Осындай қысылған шақ кезінде Сталин геологтардың алдына морганец табу мәселесін қояды. Морганецтің қасиеті оны болатпен қосып балқытқанда брон пайда болады. Брон соғыс жағдайындағы ең қажетті, оқ өткізбейтін, жарылмайтын метал. Сталиннің бұйрығы қатал. Қайткенде табу керек. Уақыт тығыз. Соғыс кешігуді көтермейді. Осындай қиын сәтте Сәтбаев марганецті «Орталық Қазақстаннан табамын», - дейді. Оны орталық Қазақстан тұрмақ бүткіл Азиядан таппайсыз, біз ол жақтың бәрін зерттеп, барлап қойғанбыз - деп орыстың көрнекті ғалымдарының бәрі оған қарсы шығады. Қ.Сәтбаев өзінің теориясы мен практикасын ұсынады. Сталиннің адамдары геологиялық экспедиция ашып, оған 1 жыл уақыт береді. Ғалым кен орнын 1 жыл емес, бір айдан сәл асқанда тауып, мәскеуге мәлімдеме жасайды. Сол кезде марганец өндертін зауытта дайын болады. Міне, осылайша Сталиннен бастап Мәскеудің атақты ғалым «академиктерінен, мүмкін еместен мүмкін нәрсе жасаған Сәтбаев» - деген өте зор баға алған. Осылайша ол тек Ресейдің ғана емес, шет ел басшыларымен оқымысты ғалымдарын таңқалдырған, табындырған.

III. У.ЧЕРЧИЛЛЬ

Қаныш Имантайұлы КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретінде Лондонға барғанда Уинстон Черчилльмен кездеседі. Бойының сұңғақтығын меңзеген Премьер-министрі У.Черчилль: «Қазақтардың барлығы Сіз сияқты ірі ме?» деп сұрайды. Қаныш ағамыз «Мен қазақтардың ішіндегі ең кішкентайымын. Менің халқым мененде биік» дейді. Ағылшынның бірнеше газет-журналдары соны тақырып қылып, Сәтбаев туралы мақала

береді. Ғалымның ұлтын шексіз сүйгенін, оған зор құрметпен қарайтынын осыдан-ақ көруге болады. Сол жолы Сәтбаевты Лондонның геологиялық музейіне алып барады. Гид: «бізде Ұлыбританияда сирек кездесетін тас», - деп бір тасты көрсетеді. Ғалым тасты ары - бері қарап күледі де: «Жоқ - бұл біздің Қазақстанның, оның ішінде Орталық Қазақстан, Қарсақпай деген жердің тасы», - дейді. Гид таңқалып «Мұнда жазып қойған ғой» дегенде: «Мен туған жерімнің әр тасын танимын» деді. Бұл әңгімені У.Черчилль естіп: «Туған жерінің әр тасын тани беретін ол қандай геолог? Дери зерттеп маған нәтижесін айтыңдар», - дейді. Зерттегенде ол шыныменде XIX ғасырдың аяғында бір ағылшын капитан иесі Қазақстаннан алып барған Қарсақпайдан шыққан тас болады. У.Черчилль: «Туған жерінің тасын кез - келген геолог тани бермейді. Мынау Совет Одағындағы №1 геолог қой» деп қалтқысыз мойындапты.

IV. Н.ХРУЩЕВ

Кезінде Совет Одағын басқарған Н.Хрущевтың өзі Сәтбаевтың білімділігін мойындаған. Хрущевтың Сәтбаевпен кездесуіне ықпал еткен - Ұлыбританияның Премьер - министрі У.Черчелль. Ол Совет Одағына сапармен келгенде Хрущевпен сөйлесіп: «Сіздің аз ұлттарыңыздың ішінде бір ғалым жүр, білесіз бе?», - деп сұрайды. Хрущев армян, грузин сияқты басқа ұлттарды атайды. Черчилль: «Жоқ білмедіңіз, Сіздер өздеріңіздің ұлы ғалымдарыңызды танымайды екенсіздер. Ол Қаныш Сәтбаев деген қазақ», - дейді. Содан Н.Хрущев Черчилльді шығарып салысымен Алматыға арнайы келіп Ғылым академиясында, Геология институтында болып, Қ.Сәтбаевтың еңбектерімен танысады. Сөйтіп, «Сәтбаев бір ғана Қазақстанның емес бүкіл Совет Одағының жерінің астында қай жерінде қандай байлық жатқанын алақандағыдай біліп отыр ғой», - деп таңқалып жоғары бағалапты. Шындығында түк шықпайды деп екі геологиялық экспедиция Маңғыстаудан қайтып оралады. Бірақ Шахмардан Есеновты ертіп барып мұнай, газдың мол қорын табады. Есеновты сол жерге қалдырады. Ол кісі сол жерге қызмет істеп, елдің экономикасын көтеріп қоймай, Хрущев Маңғыстауды түркімендерге береміз дегенде алысып жүріп,

Мәскеудегі жиналысқа барып мұнай мен газды қазақтардың өздері игере алады деп аман алып қалады. Сол сияқты 50 жылдары Қазақстан үкіметі қаулы шығарып, оны Мәскеу қолдап, Қарағанды қаласын «су жоқ» деп таратпақ болады. Сәтбаев оның бәрін тоқтатып, Ертіспен Қарағандыға канал тартудың жобасын өзі сызып, сөйтіп, Қарағандыны аман алып қалған. Канал қазір Сәтбаевтың атымен аталады. Сәтбаевтың сан қырларының бірі сол кездегі үкімет басшысы Нұртас Оңдасыновтың тікелей араласуымен 1942 жылы ақындар айтысын ұйымдастырады, 1946 жылы Ғалым академиясын ашады. Н.Оңдасыновтың көмегімен Мәскеуден, Ленинградтан, Сібір қалаларынан, Киевтан шақырып, Қазақстан Ғылым академиясына жұмысқа тұрғызады. Бәріне Алматыдан үй алып бергізеді. Әр келген орыстың еврейдің ғалымына екі-үштен қазақ баласын аспирант қылып, бекітіп береді. Сөйтіп, айналасы 4-5 жылда ұлттық кадрды қалыптастырған.

V. ӨМІРІНІҢ СОҒЫ СӘТІНДЕ

Мұнай газ қоры ашылып Жаңаөзен, Жетібай, Ақтау қалалары бой көтереді. Бірақ, жер асты сулары зерттелмеген. Соған орай, Каспий суын тұщытатын атом электр станциясы салына бастайды, сол кезде Қаныш аға қатты ауырып Мәскеуде ауруханада жатқанда КСРО Атом өнеркәсібі министрі көңілін сұрауға барады. Сонда Қаныш Имантайұлы: "Мені дәрігерлер қарап жатыр ғой, мені қайтесіз, анау Ақтаудағы станцияны тезірек бітіртіңізі. Менің халқым шөлдеп жатыр ғой дейді. Оның екі дүниенің ортасында жатса да халқын ойлап жатқанын көрген министр: «Мен ауруханадан жылап шықтым және Сәтбаевтың құрметіне станцияны тезірек бітіртіңіз», - дейді, сөйтіп Ақтауға тұщы су беріле бастайды. Сол Мәскеуде бұрын жатқан кезінде КСРО Ғылым академиясын Президенті В.Комаров келіп, "Сізді Лондонның дәрігері емдейді осынша миллион ақша керек екен, оны үкімет бөледі", - дейді. Сонда Қаныш аға «Сіз білесіз ба, менің ауылдағы жерлестерім ауданға келіп емделе алмай жүр, мен миллиондаған ақшаға емделіп келген соң олардың бетіне қалай қараймын. Мені осында-ақ емдесін. Емдемесе бас тартамын», - деп келісім бермепті. Ақыры 1964 жылы 30 қаңтарда өмірден озады.

VI. КЕРЕК, ДЕРЕК

Ұлы ғалым атында «Сәтбаев ғаламшары» бар. Уранның жаңадан ашылған серігі «Сәтбаев серігі» деп аталады. Қала, Жоңғар Алатауының мұздағы, гүлдің жаңа сорты бар. Ғалымның досы, геолог - ғалым Е.Алминович өзінің жаңадан ашқан минералын «Сатпаевит» деп атаған. Еліміздегі көптеген мектептер, көшелер ол кісінің құрметіне берілген, зулім 20 ескерткіш тұрғызылған. Алматы қаласында 5 нысан: көше, мектеп, ұлттық университет, Геологиялық институт, Ғылым академиясында Сәтбаев музейі бар.

Біздің ауданымыздың орталығында да Сәтбаев атындағы мектеп - гимназия орналасқан. Ғалым атына көше берілген. Я, бар өмірін ғылым мен біліміне арнап, халқын шексіз сүйген, азаматтың тазалығына шаң қондырмай қалдырмаған Ұлы академик тұлғасы қашанда асқақтай бермек.

Дүйсен МҰҚАМЕТШАРҰЛЫ.

КСРО және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Ұ.Бағаев атындағы сыйлықтың иегері, Ақсу ауданының «Құрметті азаматы».

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАН ЕДІ...



«Өлді деуге сыя ма, айтыңдаршы?!», - деп һәкім Абай айтқан қалыпқа сиятын жандар болады өмірде. Жылдар жылжып өткен сайын, олардың орны үңірейіп тұрады, ал, өздері биік таулардай алыстаған сайын зорайып, тұлғалана түседі. Жақсының жақсылығы сол - оның көзі тірісінде салып кеткен ізі артында жоқшысы барда ғұмыры көмескіленбейді.

Жүйтікпен жүйіріктей, аққан жұлдыздай зулап өтіп жатқан уақыт-ай. Күні кеше ғана 8 наурыз - Халықаралық Әйелдер күніне бір күн қалғанда өзінің жылына бір келетін мерекесін оң жақта жатып өткізіп, 9 наурызда жер қойнауына тапсырған Дәулетбекова Гүлшат Тұрсынбекқызының қырқы да таялып қалыпты.

Ел арасында баянды беделі бар, өнегесі өзгеше, шапағаты мол - Гүлкеңді халық болып соңғы сапарға көзіміздің жасын сыға тұрып, қимай шығарып салған едік. Міне, «жағасы жоқ, жеңі жоқ» көйлек кигеніне, «есігі жоқ, төрі жоқ» мәңгілік үйіне енгеніне қырық күнге жақындады. 20 сәуірде қырқын береді.

Алланың нұры - көктемгі ақ жауындай көпке пайдасы көп тиген жан еді ғой. О бастан өлмес айқын. Бұл пәниде темір өзекті пенде жоқ. Өлмес адам елде жоқ. Өлімнен өтер өткел де жоқ. Бірақ жақын мен алысты бірдей тең көрген, елінің жігері, қоғамның тірегі бола білген Гүлшат сіңлімізді өлімге қию да, енді арамызда жоқ дегенге сену де қиынның қиыны.

«Жақсыда жаттық жоқ», - дегендей өзімен әңгімелескен жанды өзіне үйіріп алатыны бар еді ғой. Адамды өзіне баурап тұратын бекзат қасиетін жерлестері ешқашан ұмытпас.

Иә, кім - кімді де баурап алатын ғажап тартымдылығы, маңайына себелеп тұратын жан шуағы, аса мәдениетті бекзат келбеті әлі де көз алдынан кетпейді. «Жақсы адам өмірге табындыру үшін, өлген соң сағындыру үшін келеді», - дегендей Гүлшат Тұрсынбекқызы өмірден озғанымен, оның асыл

бейнесі талай адам жүрегінен кетпей сағындырып жүргенін білеміз. Адамның өшпес ізі - ісі мен үлгі - өнегесі десек, ол өзіндік ізін қалдыруымен ерекшелене білген жан ретінде ұмытылмайды.

«Жақсы адам - Алланың нұры», - дейді. Бірінші байлығым халқым деп білген, ойы биік, сөзі мен ісі ірі, жаны мен қолы бірдей таза, кішілік пен кісіліктен жаралған, періште пейілді, тұғыры биік Гүлкеңмен аз күн пікірлес, дәмдес болғанын әпкелері тіршіліктегі нұрлы бір кезеңіміз деп еске алады.

Артында ер жетсе де, әлі де аяқтанбаған баласы Айдын мен келіні, немерелері, аяқталмаған талай ісі қалды. Бірақ тағдыр сағаты қай сәтте тоқтап, соңғы демі қай жерде үзілерін ешбір пенде білмеген де, біле алмайды да. Бастысы ол осы 64 жылдық ғұмырында ұрпағы мақтанышпен айта алатын игі істер атқарды.

Біз Гүлкеңнің қай кезде қандай қызметте болғанын тізбелеп, тоқталып жатпай - ақ қояйық. «Отызда төрде отырып, айттым билік», - дегендей сексеуілдің шоғындай жайнап, жастай көзге түскені, қатарынан оза тұғаны сұқтандырғандай. Еңбекке сіңілісі Күләйхан екеуі жастай араласып, біздің ортамызға қосылғанда олар жиырмаға енді толған еді. Бұл жастағы бүгінгілер жыламай тамақ ішпейді. «Ақыл мен қайрат жол табар», - деген міне, осы. Содан өмірінің соңғы сағатына дейін белін шешпей, аттан түспей елі үшін еңбек етті.

Бейнесі ізгіліктен тұратын, бойына биік мәдениеттілік біткен, үлкенге құрметі, кішіге ізеті мол, Гүлшат біздің ортамызға солай сінді.


Талдықорған қаласындағы зоовет-техникумды «есепші» мамандығы бойынша бітіріп келген соң, аудандық тұрмыс қажеттігін өтеу комбинаты мен Халық банкі аудандық бөлімінде есепші, электр жүйесі мекемесінде бақылаушы болып жұмыс істеді. 2004 жылдан зейнеткерлікке шыққанша жиырма жылға жуық - мәслихат аппаратының жетекші маман - есепшісі болды.

«ҚР Мәслихаттарына 20 және 25 жыл» мерекелік медальдарымен, облыстық мәслихат хатшысының және аудан әкімінің бірнеше "Құрмет Грамоталарымен" марапатталған.

Адам - бұл дүниенің қонағы. Мұндайда сабырға қайрат қосатын, қайнаған күйікті басатын жұбату айту қиын. Тек Күләйхан мен ұлы Айдынға, артында қалған отбасына, туыстарына: «Аллаға Мұхаммед Пайғамбардан жақын кім бар. Оны да 63 жасында Алла қасына алған. Біз одан артықпыз ба? Бұл пәнидің жалғандығын осыдан - ақ білуге болады. Шүкірлік етейік, сабыр сақтайық, болған іске болаттай болыңдар», - дегіміз келеді. Дегенмен, орнында бар оңалар деген. Сом жүрегі сырлы, мінезі қырлы, көкірегі көрікті болып өткен Гүлшат сіңліміздің алды пейіш, арты кеніш болсын деп тілейді бүгінде сыйлас замандастары мен ағайын - туыскандары, ұрпақтары.

Құрметті Күләйхан Тұрсынбекқызы, Дәулетбековтар әулеті.

**Көңіл білдірушілер әпкелерің, достарың:
МӘРИЯ, ГҮЛҒАЙША, КҮЛПАШ,
ГҰЛНАР, БАҚТЫЛЫ ЖӘНЕ ОРАЛ.**



Сөз еткелі отырған адамымыз бүгінде Алматы қаласында тұрып жатқан ақсулық азамат Мәсімов Мырзахан Қасымұлы, есімі - Ақсу жұртына, оның ішінде спорт сүйер қауымына өте жақсы танымал есім. 1948 жылы Ақсу ауылында дүниеге келген. Жастайынан зерек, спортқа әуес ол футбол бапкерлерінің назарын өзіне аударған. Ол 1967, 1968 және 1969 жылдары Талдықорған облысы футбол командасы «Жетісу» (Дорожник ол кезде) футбол клубында өнер көрсетті. КСРО спорт шеберлігі нормативін орындап үлгерді. Ауыл спортының ардагері, спорттың 4 түрінен: футбол, жеңіл атлетика, волейбол, баскетбол облыстық жарыстарының әлденеше дүркін жеңімпазы болып үлгерген спорт майталманысыз аудан құрамасын елестету мүмкін емес-ті, ал, аудан командасының облыстағы қарсыластары «МАКС бар ма, келді ме?» деп алаңдаушылықпен іздеп жататын еді. Уақыт әр заманның төрешісі, ол заман да біртіндеп артта қалып барады, спорт майталманы бүгінде 76 жасқа аяқ басып барады. «Ақсу-Ардагер» командасы құрамында баскетбол, волейбол әуесқойлық жаттығуын жалғастыруда, спорт әрқашанда адам жанының серігі екенін насихаттап келеді, ісімен үлгі өнеге болуда. Ауданда балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры болған жылдары мектептің іргетасын кеңейтіп, еркін күрес, дзюдо, жеңіл атлетика т.б. түрлерін ашып, мектепке балаларды қамту қызмет аясын кеңейтіп, кең мүмкіндіктер ашуы - өз алдына үлкен өмір. 1974 жылы Алматы дене шынықтыру институтын аяқтап, маманның ұстаздық-жаттықтырушылық қызметі аудан өмірімен бірдей өріліп, осы күнде сәтімен зейнеткерлік демалыста. КСРО спорт шеберлігінен үміткер болған ол кісі туралы жетістіктерін, марапатарын тізіп жату да артық деп ойлаймын.

Әйгілі алаш қайраткері Әлихан Бөкейхан: «Адамның қоғамға, халыққа, елге қызмет етуі білімнен емес мінезден», - деген екен. Ал, мінез атаның қанымен, ананың сүтімен берілетін болса, майталман спортшы жерлесіміздің бойында атамыз қазақтың, арғы бабамыз Ертіртіктің

**Б
Ү
Қ
А
Р
А
Л
Ы
Қ**

**М
А
Й
Т
А
Л
М
А
Н
Ы**

асыл заты атой салып тұрғанын әлі де байқауға болады, сондықтан да замандастарының құрметіне лайық ақсулық спорттағы серіктері туралы, облыстағы спорттағы қарсыластары туралы да әңгімелері оларға деген құрметке толы екенін байқауға болады, өйткені, олар туралы ерекше ықыласпен еске алып отырады. Айта кеткен орынды, сонау 1950-60 жылдардың басынан 80-ші жылдарға дейін ақсулық аға буын спортшылар Ақшанаев С., Саяқ Бейсекенов, Барманбеков Ж., Балабеков Қ., Мамырбеков С., Ұ.Хасенов т.б. жерлестерімен бірге жаңа толқын, жас буын өкілдерімен бірге волейбол, баскетбол спортын алға сүйреген жеңіске толы даңқты жолы жатыр.

Бүгінде міне, мемлекетіміздің әлеуметтік саясатына, бұқаралық спорт мәселесіне, халықтың күнделікті өмірімен тығыз байланысты көзқарасына байланысты ардагерлердің де өмір белсенділігі көтерілуде. «Өмір деген бір күндік сәуле екен ғой», - деп ақын Мұқағали Мақатаев айтпақшы, ардагерлердің әр күнін мазмұнды, әлеуетті қылып өтуіне ел көлемінде мән беріліп, халық белсенділігі артып келеді. Соңғы жылдары ардагерлердің өмір белсенділігін көтеруде демеушілікпен айналысып жүрген азаматтар арасында спорт ардагерлеріне құрмет көрсету, спорт жарыстарын ұйымдастыру ауданда дәстүрге айналып келеді. Солардың бірі мерейтой иесі Мырзахан Қасымұлының шәкірті Қазақстан Республикасы ІІМ-нің отставкадағы генерал майоры Оспанов Асхат Шуашұлы. Ұстазының туған күніне орай, 2024 жылы жазда Ақсу аграрлық колледжінің спорт залында ардагерлер арасында волейболдан аудандық турнир өткізу жоспарланды. Спортты өмірінің мәні деп ұғатын жандар асыға күтетіні, дайындалатынын ескерсек турнирдің қаншалықты тағылымды, рухани дүние екендігі түсінікті. Аталмыш турнир оның иегерінің, оған қатысушылардың, демеушілік етушілердің құдіретті спортқа деген тағзымы деп қабылдайық, құрметті жерлестер. Үлкен-кіші үлгі алысын.

Қанат ЕРМЕКОВ.

ЖАҢА СЕРПІН АЛҒАН АУЫЛ МЕКТЕБІНЕ ТҮЛЕКТЕРІ АЛҒЫС АЙТТЫ



Ақсулық түлектер күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жаңа серпін алған мектебіне 20-ға жуық түп Тянь-Шань шыршасын отырғызды. Ұстаздар мен мектеп директоры игі іске қолдау білдірді.

Еліміз бойынша түлектер арасында ағаш отырғызу акциясы дәстүрге айналды. Жансүгіров ауылының орталығында орналасқан Жүрімбек Сыдықов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен коммуналдық мемлекеттік мекемесінің түлектері де білім ордасына алғыс білдірді. Әр жылдың мектеп бітірушілері аулаға ағаш егіп, мектепке деген ризашылықтарын осылай білдіреді. 2004 жылғы түлектер өздерін білім нәрімен сусындатқан білім ордасына 20-ға жуық түп Тянь-Шань шыршасын отырғызды. Бүгінде 20 жыл бұрын мектеп бітірген түлектердің әрқайсысы әр салада тер төгіп жүр. Мектеп директоры Сыдықбаев Әділжан Махмутжанұлы да түлектерге игі істері үшін алғыс айтты.

«Жүрімбек Сыдықов атындағы орта мектептің алғашқы іргетасы 1976 жылы қаланып, 1977 жылы пайдалануға берілген. Жылпы



сыйымдылығы 844 орынға арналған. Қазіргі таңда мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жаңа серпін алды. Мектепте 725 оқушы білім алады және 82 мұғалім қызмет атқарады.

Түлектерімізге мектеп ауласын жасыл желекпен әсемдеп, 20-ға жуық түп шырша сыйлағандарына ұжым атынан алғыс білдіреміз», - деді мектеп директоры.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА.

Терроризм ғасырлық дерт. Бейбіт елге төнген үлкен қатер және мемлекеттің билігін күйретуге әкеп соқтырған қауіп. Діни экстремизм мен терроризм - демократиядағы рухани, діни құндылықтарға, мұраларымызға және саяси мәселелерде, заңдардың ережелеріне, жеке адамның құқықтарын сондай - ақ, әрбір тұлғаның діні, тілі, наным сенімдерін құрметтеу және тұрақтылық пен толеранттылыққа қарсы тұру болып табылады. Қазақстан дүниежүзіндегі бейбітшілік пен



ТЕРРОРИЗМ - ғасырлық дерт

татулықты қастерлейтін мемлекет. Тәуелсіздік алған сәттен бастап, әлемнің түкпір - түкпіріндегі мемлекеттермен бейбітшілікті орнатып, саяси, мәдени, рухани, достық қарым - қатынас орнатты. Қазіргі уақытта терроризм мен экстремизмнің таралуы еліміздің қауіпсіздігі мен бейбітшілікте өмір сүріп жатқан қоғамның тұрақтылығына нұқсан келтіретін бірден бір жау. Халықты қинап, бейбітшілікті жойып, заң бұзушылық және құқық бұзушылық әрекеттерге әкеп соқтыратын және елді күйрететін қауіп. Қазіргі кезде Қазақстан осы қауіптің алдын алу мақсатында құзырлы органдарда елеулі жұмыс жасап, сонымен қатар ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт

ұйымының құрамында қауіпсіздік мәселелерін шешуге күш салуда. Осы ұйымдағы мемлекеттер бірлесе жұмыс жасап, күш біріктіруде. Қауіптің алдын алуда халықтың қолдауы да маңызды. Қолдауға ие мемлекет лаңкестік және террорлық әрекеттерге бөгет жасап, елішіндегі бірлестікті сақтауға төтеп береді. Терроризм мен күрес құзырлы орындардың ғана емес, әр азаматтың да перзенттік борышы десек артық емес. Қауіппен күресу мемлекет органдарының ғана емес, әрбір қазақстандық, азаматтың міндеті.

Илияс НҰРЛАНБЕКОВ,
«Ақын Сара» мәдениет үйінің директоры.

ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСТИКА ОРГАНДАРЫМЕН КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АЛУ ТӘРТІБІНДЕГІ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛГЕНІН ХАБАРЛАЙДЫ

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді.

Сонымен, «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрынғы Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын.

Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" атты сервисті таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, кодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркеу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық басқармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған.

Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі пор-

тал арқылы іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі.

Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырыла-ды:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру – соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;
- мемлекеттік бағды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;
- қызмет алушының филиалдық мекенжайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ЭМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

Талғат ОМАРХАНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы жаңалықтар

Қолданыстағы еңбек заңнамасында сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін белгілі бір шектеулер қарастырылған.

Квазимемлекеттік сектор ұйымына жұмысқа тұру кезінде адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екені туралы анықтама ұсынуға міндетті.

Қазір квазимемлекеттік ұйымдарға жұмысқа орналастыруды шектеу барлық лауазымдарға қолданылады, бұрын бұл шектеулер басқарушылық функцияларды орындауға байланысты лауазымдарға қатысты болатын. Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді беруді мемлекеттік қызметтер көрсету санатына ауыстырды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қабылдануы және ұсынылуы www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қызметтің орындалу мерзімі 10 минут, қосымша анықтамалық тексеріс жағдайында – 5 жұмыс күнді құрайды.

Сондай-ақ, қызметкерлерге қатысты мәліметтерді алу үшін, олардың келісімі болған жағдайда «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы жұмыс берушілерге қолжетімді. Осындай қызметті мобильді азаматтар базасында тіркелген жағдайда ғана алуға болады.

Мобильді азаматтар базасында тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне жүгіну арқылы «электрондық үкімет» веб-порталының «Жеке кабинетіндегі» «телефон» бағанында телефон нөмірін көрсету немесе оны жеке сәйкестендіру нөміріне (ЖСН) байланыстыру қажет.

Али БАЛАБЕКОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру прокуроры.

Ел болып қарсы жұмылуымыз қажет

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір - біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай - қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай төмендетеді, қоғамда демократиялық оң өзгерістерді жүзеге асыруды тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық бастауларына, заң мен шындыққа, сайып келгенде билікке деген сенімін әлсіретеді. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыты - оның алдын алу.

Азаматтардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптасуы үшін сыбайлас жемқорлықты елдің дамуын тежейтін аса қауіпті қоғамдық дерт деп тануы тиіс.



Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс - тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке ел болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет.

Елдос ҚАЛИЕВ,
«Ақын Сара» мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі.

Ауданда аппарат жиынында көтерілетін бір мәселе қаңғыбас иттерді аулау, қолдағы иттерді шиптау мәселесі. Осы мәселе бойынша аудан орталығы Жансұғайроғ ауылдық округі әкімінің орынбасары, негізгі мамандығы ветеринария саласы болғандықтан маманмен сұхбаттасу мақсатында САФИТ ЖАНҒАЗЫҰЛЫМЕН арнайы жолығып әңгімелескен едік:

- Сағит Жаңғазыұлы, қалай ойлайсыз иесіз жосып жүрген иттер қайдан көбейеді. Неге азайып бітпейді?

- Сағит Жаңғазыұлы: - Меніңше оған бірден бір себеп көптеген адамдардың ит туралы «Обал» мен «Зиян» деген ұғымға аса мән бермеуінен. Олай дейтінім белгілі біреудің ауласындағы иті 7 немесе 9 күшік туды делік, соның ішінен керек деген 1-2 күшікті алады да қалғандарын өлтіргенге обал деп ауылдың шетіне болмаса елдің іші ғой деп аудан орталығына әкеп бір қуысқа жібере салады, ол күшіктердің өлгені өліп, өлмегені аштан, суықтан бұратылып жүріп өседі, осының өзі үлкен обал емес па. Олай обалды қылып қинағанша ер ауылда ветеринария мамандары бар, соларға жүгініп уколмен ұйықтатып тастаса тимді болар еді. /аудандық ветеринариялық станцияда арнайы препарат қарастырылуы қажет/. Зиян жағына келсек, ол туралы көптеген деректер айтуға болады. Жаңағы тастанды күшіктер бұратылып өсіп ер жерге шоғырланады, өсе келе бір бірімен шағылысып көбейе береді, тамағын табу үшін құл қоқыстарда, лас жерлерде мекендейді, тышқан аулап өлген мал – құс етімен және қоқыстан тапқанын қорек етеді. Осындай жолдармен әр түрлі аурулардың қоздырғыштарын

Көшедегі иттің бәрі қауіпті

денесіне жинайды, өздеріде ауырып өліп жатады оны есепке алып жатқан ешкім жоқ. Өлмегені аурудың қоздырғыштарын таратып елді - мекенді аралап жүре береді, оларға ветеринария тарапынан вакцинация, дегельминтизация /ішек құртына залалсыздандыру/шаралары жасалмайды, оны жасауда мүмкін емес. Міне, зиян деп осыған аса үлкен мән беруіміз керек.

- Сіз сөз басында көшедегі иттің бәрі қауіпті дедіңіз, көшеде иесі бар иттерде жүреді емеспа, сонда қалай?

- Олай деуге толық негіз бар, жоғарыда айтылғандай елді мекенді аралап жосып жүрген иесіз бұралқы иттер көшеде бос жүрген иесі бар итпен таласады, болмаса алысып ойнайды, әсіресе иттің ұрғашысы ылыққан кезде бәрі араласып кетеді. Содан иесі бар көшеде бос жүрген ит бүкіл ауыру қоздырғыштарын үйіне өзінің ауласына апарарды. Елмен жұмыс жасаған соң біліп кетіп жүрмін, мектеп оқушылары көбінесе иттерін мектепке дейін ертіп барады, кейбір ересек адамдардың өзі итін жұмысқа ертіп барады, ол кісілерде менің итім адамға тиіспейді өзі үйге қайтып кетеді деп ойлайды ал иттің үйіне қайтқанда қаңғыбас иттермен араласып ауласына ауыру ала баратынын, соның салдарынан адамдарға Эхинококк /бауыр құрты/, паразитарлық псороптоз, соркоптоз сияқты терінің қышыма аурулары, Лишай /Теміреткі немесе ақ таңпақ депте атайды/ сондай-ақ, аса қауіпті Бешенство /құтырық/, Чума /оба/ т.б. көптеген жұқпалы аурулардың

таралуына осы ит мысықтармен, жабайы түлкі кеміргіштер бірден бір себепкер екенін үлкен кіші, балалардың назарына әр кезде жеткізуіміз керек. Сол себептен әркім өз ауласындағы итін байлап немесе қамап ұстау керек. Серуенге шығарғанның өзінде қараусыз бос жіберуге болмайды.

- Көшедегі иттің бәрі қауіпті дегеніңізді енді түсіндім, ауладағы итімізге расыменде сырт аурулардан сақ болу үшін аса жауапкершілікпен қарауымыз керек екен. Бүгінгі таңдағы босқың иттер туралы жайттарға тоқталайықшы, Сіздің негізгі мамандығыңыз Ветеринар, көптеген жылдарда мамандығыңыз бойынша аудандық ветеринария саласында қызмет атқардыңыз. Бүгінгі таңда иесіз иттерді атуға шектеу қойылған, аулап ұстап жою керек, бос жүрген итті ұстау өте қиын деп жатады, осы мәселе бойынша маман ретінде Сіз не айтар едіңіз?

- Елді мекендерде бос жүрген иесіз ит, мысықтарды атып немесе арнайы дәрімен ұйқатту тәсілімен жою туралы Ветеринария мамандарына жүктелген, шамамен 2014 жылдары көшеде иттерді атуға шектеу қойылды ол баршамызға мәлім. Осы жерде мысалға айта кетейін деректер бойынша Еуропа одағында, 1987 жылдан бері «жануарларға жәбір көрсетуден қорғау» жөніндегі конвенция жұмыс істейді, ал Германия мемлекетінде «жануарларды жәбірлеуден қорғау» туралы конституция арқылы бекітті. Біздің мемлекетімізде

2021жылы 31 желтоқсандағы «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заң 2022 жылы 2 наурызда күшіне енді. Содан бері иесіз иттер мен мысықтарды аулап жоюға көптеген өзгерістер енгізілді, Менің айтқаным дегенін заңға өзгерістер енгізілді,ережесі бекітілді, ендігі кезекте әрбір аумақтағы құзырлы органдар, жергілікті атқарушы органдар және халық болып осы жұмысты өз деңгейінде орындауымыз қажет.

- Ол үшін қандай шаралар атқарылуы керек?

- Айта кетейін, өткен жылда да, биылғы жылыда біздің аудан бойынша елді - мекен шегінде бос жүрген ит - мысықтарды аулап жою жұмыстарын, бір кәсіпкер мемлекеттік сатып алу порталы арқылы ұтып алып өзара келісім шарты арқылы бір адамды бекітті. Тапсырыс беруші облыстық ветеринария басқармасы. Орындаушы тапсырыс берушіге ай сайын орындалған жұмысы туралы есеп беріп соған сәйкес белгіленген қаражатын алады. Ережеде көрсетілгендей орындалған жұмысын жергілікті атқарушы орган растайды. Бірақта тексеруге құзыреті жоқ. Орындаушы ауланған иттер мен мысықтардың санын әктіге көрсетіп видео таспа, суреттермен келеді. Міне, осы жерде тапсырыс беруші облыстық ветеринариялық басқарма немесе құзырлы органдар тарапынан қалай, немен, қай жерде ауланды, 20 – 30 метр қашықтықтан ұстайтын арнайы құрал жабдықтары, ұйқататын препараттары барма /ит, мысық мал емес қой айдап апарып қамап ұстайтын/ толық анықталуы керек, оның бәрине қаражат бөлінген. Осы шаралар басты назарға алынса дұрыс шешімі болар еді.

Сұхбаттасқан: Ербол СЫМХАНОВ.

АБАЙЛАҢЫЗ ИНТЕРНЕТ



Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 26 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 2871 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 0,91 % құрайды.

26 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы-17, Алакөл – 5, Ескелді – 2, Панфилов – 1, Сарқанский - 1. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. Б. арызы бойынша тергел-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Өлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлкті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ИІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ИІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлкті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етпеңіз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбегеніз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни, 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Азамат БЕКЕЕВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша
Департамент бастығының орынбасары,
аға әділет кеңесшісі.

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етеді

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік қызметтің қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік қызметтің қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымайтын мүлктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Занды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік көпілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекен-жай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғалар арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

рала мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады [kgd.gov.kz \(https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web\)](https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Занды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың өкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғаман алу сервисі» және eGov mobile арқылы өкімшілік анықтаманы үшінші тұлғаман алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңіздің айыппұлдың біі» атты қосымшадағы Комитетті <http://qamqor.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзінің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп

порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғаман алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады.

Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның фронт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосымша Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзіннің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Асхат ЖАҚСЫЛЫКОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша
Текелі, Ескелді және Көксу
аудандарының аға прокуроры.

ГҮЛШАТ ӘШКЕ ГҮЛ - ҒҰМЫРЫНЫҢ КУӘСІМІЗ

Өріптесіміз, біреуімізге сырлас, біреуімізге мұңдас, біреуімізге ақылшы да қамқор, дос бола білген **Күлшат Тұрсынбекқызына** арналады. Күлшат Тұрсынбекқызын 2006 жылы алғаш рет еңбек жолымды Ақсу аудандық мәслихат аппаратынан бастаған болатыным содан бері осы өмірден өткенінше танытын едім.

Сол таныстығымыз өріптес ретінде тынылды, одан таныстығымыз нығая түскеннен кейін жанашыр анам, одан қамқор әпкем, одан сырлас құрбым болып тығыз араластық. Қысқа жіптей күрмеуге келмейтін ғұмырда, алды мен арты ауыса беретін алмағайып заманда адам өмірінің ең бір елеулі кездері шын көңілмен сенген, қиналғанда қолұшын берген кісілермен өріптес, дос болып өмір кешу, солармен бірге қуанып, ақ адал айтқандарына жұбанып жүру ғой деп ойлаймыз. Өткенге көз жіберсек, еңбегіміз жанып, табыстарға жетіп, жайсаңдармен аралас-құралас болып жүргенде біздің де асыл-тасқан кездеріміз, тәтті өмірді бітпестей көргеніміз бар. Былайша айтқанда, өшпейтін оттардың қасында тұрғандай, гүлдерді солмайтындай, адамдарды өлмейтіндей сезіндік...

Алайда, ауа - райының алай-дүлей күрт өзгергені сияқты, қуаныш пен күлкіні тытып уақиғалар болады екен. Біз де аяқ астынан аяулы адамдардан айырылып, қатал тағдырдың үкіміне көнуге мәжбүр болдық. Сондай бір ауыр жағдай аудандық мәслихат аппаратында қызметтес, ақылшы әпкеміздей болған өріптесіміз Күлшат Тұрсынбекқызының мезгілсіз дүниеден өтуі болды. Жалған дүние... Кешегі ортамызда ойнап - күліп жүрген жандар бүгін жоқ.

Өмірге құштарлығымен, бауыр десе жүрегін жұлып берер бауырмалдығымен перзенттеріне деген сүйіспеншілігінің арқасында жалғыз ұлы Айдынның бар жағдайын жасаймын деп өзінің денсаулығының сыр бергеніне қарамай Күлшат апайымыз қарсы тұра білді. Жаңағыда айта кеткендей жалғыз ұлы Айдынның құдалығында, одан кейін алғашқы немересі Тілеубектің өмірге келгенінде бірге болып, балаша қуанғанында куә болған едім.

Мен танығалы ол кісінің басында қуанышы да қайғысы да бірге жүрді. Соның бәрине қасқайып тік тұрып қарсы алған уақыттарда да қасында болдым. Сол қайғылы уақыттарды басынан өткергенде «менің Күлшат апайым не деген мықты жан» - деп таңданғаным да бар еді. Алайда, тағдыр өз дегенін істеді. Жаратқанның жазуына пенденің қарсы келе алмайтынын көрдік. Күлшат апайдың асыл



қасиеттерінің бірі - ағайын-тумаға, достарына, өріптестеріне қолұшын беріп көмектесу болатын. Өз басым Күлшат апайымыз көп көмегін көрдім және ол кісінің қолының ашықтығы өзінде болмаса басқа біреуден сұрап, көмектесіп жүретіні бәрі адамгершілігінің молдығын көрсетеді. Қазіргі менің бойымдағы жақсы қасиеттер болса сол Күлшат Тұрсынбекқызынан дарыған деп білем және сезем. Ол кісі кемшілікке кешіріммен қарау, жабыққанның жанынан табылу сияқты ұстанымдарды өмірлік принцип еткен еді. Сондықтан да Күлшат Тұрсынбекқызы жарқын өмірі мен үлгілі істері жер басып жүрген біздерге екі өмірдің жоқ екенін ұмытпаңдар дегендей. Бүгін міне, өзіңсіз күндер өтіп жатыр... Жалған дүние... Күлшат Тұрсынбекқызы рухы күн өткен сайын биіктеп, артында қалған ұлы мен немерелері жақсы қасиеттерін жалғастыратынына, ана армандарының орындалатынына сеніміміз зор. Ал, біз болсақ, Күлшат апай жайлы жазылған естеліктерді оқып, есімізге түсіріп, көңілімізге жұбаныш етеміз. Асылы, дүниедегі сатып та ала алмайтын, тартып та ала алмайтын, жоғалтсаң таба алмайтын сый - жақындарыңның, достарыңның шынайы ықыласы екен. Маған бұйырған осындай баға жетпес сый - марқұм Күлшат Тұрсынбекқызымен болған достық қатынасымыз...

Сол асыл жанның есімі енді естелікке айналып отыр... Өріптестері білікті де «уақыттан озық» жүретін жан ретінде бағалап, үлгі тұтса, Күлшат Тұрсынбекқызы жарқылдаған гүл-ғұмырының куәсі болғандар оның асылдан жаратылған, қимас жан, ардақты ана ретінде еске алады. Жатқан жеріңіз жәннатта болсын, Күлшат Тұрсынбекқызы!

Венера БЕРКОВА,
өріптесі, Ойтоған ауылдық округінің әкімі.

ӘКЕНІҢ БАЛА ТӘРБИЕСİNДЕГІ РӨЛІ

«Қарасу негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Әкенің бала тәрбиесіндегі рөлі» атты әкелер жиналысы өтті.

Жиынға аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Айтбаев, «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының төрағасы Серікхан Жакупов және ауыл тұрғындары, асқар таудай әкелер қатысты.

Жиында сөз алған аудандық әкелер кеңесінің төрағасы, мектеп директоры Мұхтар Сағадиев: «Отан отбасынан, тәрбие тамыры әкеден басталады. Халқымыз «Бала жас өркен тал секілді, қалай күтіп - баптасаң, соның жемісін көресің» - дейді. Асқар таудай әкесін пана тұтқан бала қорқақ болмайды. Ал ана атты бұлақтық мейіріміне қанып



өскен ұрпақ өзгеге де мейіріммен қарайды.

«Әке - отбасының тірегі», «Әке - асқар тау», деп теңестіреді халық даналығы. Әр бала Әкесі мен анасының махаббатының жемісі болғысы келеді.

Бақытты бала тек бақытты ата - анада ғана болатынын айтты.

Жиында әкенің бала тәрбиесіндегі рөлі ашылып айтылды.

Ербол ӘБДІКӘРІМҰЛЫ.

"FREEDOM MOBILE" енді жақынырақ

Freedom Mobile енді жақынырақ

Тауарды сатып алып, Qazpost бөлімшелерінде төлем жасаңыз



Енді бізде мүмкіндіктердің жаңа белестері бар!

Тек Qazpost-та - "Freedom Mobile"-дан гаджеттерді бөліп төлеуге немесе несиеге тапсырыс беріңіз!

Біз сондай-ақ, бүкіл Қазақстан бойынша жылдам жеткізуді ұсынамыз!

Бүгін өзіңізге немесе жақындарыңызға ең заманауи технологияларды сыйлаңыз!

АҚСУ АУДАНЫҚ ҚАЗПОШТА БАЙЛАНЫС ТОРАБЫ АҚ.

● Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясын 2009 жылы бітіргендігі туралы Байбосынова Қымбат Жасұланқызының атына берілген ЖОБ №0225454 аттестаты жоғалғандығы туралы хабарлаймыз.



ЖЕҢІСТІ КҮНДЕР КӨП БОЛСЫН

Жасөспірімдер арасында волейбол түрін дамыту, насихаттау, іріктеу және спорт шеберлігін арттыру, тәжірибе алмасу мақсатында Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаңадан ашылған спорт кешенінде волейболдан 2012 - 2013 жылы туған жасөспірім қыздар арасында аталмыш спорт мектебінің чемпионаты өтті.

Жарысқа 6 команда қатысты. Жарыс волейбол федерациясының ережесімен өтті. Жарысты балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушылары мен төрешілері ұйымдастырды.

Волейбол спорты жасөспірімдер арасында қолданыстағы кең тараған спорт түрі болып табылады. Алайда, шаршы алаңда бақтарын сынап жатқан жасөспірім қыздардың көбісі дайындықтары мықты болса да мұндай жарысқа бірінші рет қатысып жатқандар. Әйтсе де, дарынды волейболшы қыздар жеңіске деген құштарлықтары мықты екенін байқатты.

Тартысты бәсекеде Бекболат Нұрлан Бекболатұлы жаттықтыратын спорт мектебінің қыздары I орынды жеңіп алып, алғашқы медальдарын тақты. Жеңісті күндер көп болсын.

Жарысқа қатысқан барлық команда сыйлықсыз қалмады. I - II - III орын алған командалар медальдар мен Грамоталарға ие болды.

Жанар АУБАКИРОВА.

● МАМАН КЕҢЕСІ

Кене энцефалиті - кене энцефалитінің вирустары, миды және жұлынды зақымдайтын, табиғи - ошақтық ауру. Ауданымыз кене энцефалитінен қолайсыз аймаққа жатады, күн жылысымен табиғатта көп кездесетін жәндіктер мен бірге кене де шығады. Жылда кене шағып тіркелген азаматтардың басым көпшілігі он төрт жасқа дейінгі балалар. Кене энцефалитін тарататын инсекс кенелері. Кенелер наурыз айынан шілденің ортасына дейін және тамыз айынан қазан айына дейінгі аралықта көп кездеседі.

Клиникасы: Инкубациялық кезеңі 1-3 күннен 25-30 күнге созылады. Орташа 7-14 күн. Кене энцефалитінің клиникасында 2 синдромды қарастыруға болады 1-интоксикация синдромы, 2 әртүрлі деңгейде орналасқан жүйке-жүйесінің зақымдалу синдромы. Осыған байланысты клиникалық түрлері бар:

КЕНЕ ЭНЦЕФАЛИТІ

Қызбалы, менингиаль-менингоэнцефалитикалық, менингоэнцефалополиомиелитті, полирадикулоневритті, клиникалық түріне қарамастан ауру жедел басталып, жалпы интоксикация синдромымен өтеді. Байқалады: қалтырау, дене қызуының өте тез жоғарлауы 38-39 С, бас ауруы, жүрек айнуы, құсу. Науқастың бет әлпетіне тән: бет, мойын, кеуденің жоғарғы бөлігінің гиперемиясы байқалады. Көз қонжықтивасы тамырының инъекциясы, кейде жас ағуы жақсы көрінеді. Науқастар: апатиялы әлсіз, сұраққа баяу жауап береді, үрей және қорқынышты сезеді, аурудың бастапқы кезеңінде тырысу синдромы байқалуы мүмкін.

Егер адамды кене шақса, олар тез арада 3 күнге дейін дәрігерге көріну керек, өйткені, аурудың негізгі емі болып кене энцефалитіне қарсы егілетін иммуноглобулин салынады. Егер ол адам кенеге қарсы екпе алса, оған иммуноглобулин салынбайды. Кене шаққан азаматтар аудандық инфекциялистер пен невропатолог дәрігерлерінің қарауында 21 күн болады. Дәрігерлер сіздерге иммуноглобулинді ақысыз салады.

Аурудың алдын алу шаралары.

1. Елді мекендер бойынша тұрғындардың белгілі бір топтарын кенеге қарсы иммундаумен қамту, иммундауға кене энцефалитінен қолайсыз аймақтардан келгендерге және

қолайсыз аймақтарда тұратындарға, жұмыс жасауға немесе демалуға баратын адамдарға жүргізіледі.

2. Кене шаққан адамдарға арнайы кене энцефалитіне қарсы иммуноглобулин салу, кене шаққан күннен бастап 3 күн ішінде жүргізіледі.

3. Кенелерге жағымсыз иіс туғызатын репелленттер мен аэрозольдерді қолдану.

4. Арнайы киім кию, табиғат аясына шыққанда шалбарды шұлықтың ішіне кіргізіп, үстіне жең шеті резеңкеленген ұзын жеңді киім кию.

5. Табиғат аясына шыққанда ең маңыздысы өзінің, бір-бірлерінің үстілерін жиі - жиі қарап, тексерулері керек.

А.СЕНКІБАЕВА,
аудандық СЭББ жетекші маманы.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2502

Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.

Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.